

**Барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын, разъездерін ашу және жабу қағидаларын бекіту туралы**

Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 283-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2969.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 17-бабы 2-тармағына сәйкес **Бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын, разъездерін ашу және жабу қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті (Н.Т.Байдәулетов) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі Ю.И.Лавриненкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар  
министрінің  
2004 жылғы 23 шілдедегі  
№ 283-І бұйрығымен  
бекітілген

**Барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын, разъездерін ашу және жабу қағидалары**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

1. Барлық немесе кейбір операцияларды орындау үшін темір жол станцияларды, разъездерді ашу және жабу қағидалары "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 17-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленген.

Қағидалар Ұлттық инфрақұрылым операторы, тасымалдау процесінің қатысушылары және темір жол көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органы (бұдан әрі - уәкілетті орган) арасындағы қатынастарды реттейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

2. Барлық немесе кейбір операцияларды орындау үшін темір жол станцияларды, разъездерді ашу мақсатында (бұдан әрі – станцияларды, разъездерді ашу) тасымалдау процесінің қатысушысы Ұлттық инфрақұрылым операторына ашылатын темір жол станциясындағы, разъезіндегі тасымалдаудың қажеттілігі негіздемесімен қоса жазбаша өтініш жібереді.

3. Барлық немесе кейбір операцияларды орындау үшін темір жол станцияларды, разъездерді жабылу кезінде (бұдан әрі – станцияларды, разъездерді жабу) тасымалдау процесінің қатысушысы Ұлттық инфрақұрылым операторына осы темір жол станциядағы, разъезіндегі тасымалдауға арналған ұсыныстың және жүк, багаж, жүк-багаждың, мөлшері, жолаушылар ағымының мөлшері, сондай-ақ болжанып отырған станцияның, разъездің жабылуы әсер етуге мүмкіндік жасайтын жергілікті мағынадағы фактор төмендегіні растайтын құжаттармен қоса жазбаша өтініш жібереді.

4. Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдау процесінің қатысушының станцияларды, разъездерді ашу немесе жабу жөніндегі өтінішін алған күнінен бастап он күнтізбелік күндер ішінде қарайды.

5. Станцияларды, разъездерді ашуға немесе жабуға келісуден бас тартылу кезінде Ұлттық инфрақұрылым операторы он күн ішінде тасымалдау процестің қатысушы адресіне негізделген жауабын жібереді.

6. Темір жол станцияларын, разъездерін ашу немесе жабу туралы лайықты шешімін қабылданған кезде, Ұлттық инфрақұрылым операторы белгіленген мерзімде тасымалдау процесі қатысушының өтінішін қарағаннан кейін оны қарастыру және шешім қабылдау үшін барлық қосылатын құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

7. Уәкілетті орган он күнтізбелік күндер ішінде Ұлттық инфрақұрылым оператормен келісілген станцияларды, разъездерді ашуға немесе жабуға арналған өтінішті қарайды. Темір жол станцияларды, разъездерді ашу және жабу туралы

лайықты шешім қабылданғаннан кейін уәкілетті орган үш жұмыстық күндер ішінде темір жол станцияларды, разъездерді ашу және жабу туралы бұйрықты Ұлттық инфрақұрылым операторына жібереді.

8. Мемлекеттік, әлеуметтік немесе қорғаныс маңызы бар станцияларды, разъездерді жабуға мүмкіндігі болмаса уәкілетті орган бұл туралы Ұлттық инфрақұрылым операторына хабарлайды. Ұлттық инфрақұрылым операторы уәкілетті органнан станцияларды, разъездерді жабуға мүмкінсіздігі туралы хабар алғаннан кейін, тасымалдау процестің қатысушыларына үш күн ішінде бұл туралы хабарлайды.

9. Ұлттық инфрақұрылым операторды мемлекеттік, әлеуметтік немесе қорғаныс маңызы бар станцияларды, разъездерді жабуға мүмкінсіздігі туралы хабарлаған күннен бастап, уәкілетті орган үш ай мерзімде осы станцияны қаржыландыру көзін анықтауға міндетті. Егер уәкілетті орган белгіленген мерзімде мемлекеттік, әлеуметтік немесе қорғаныс маңызы бар станцияларды, разъездерді қаржыландыру көзі анықталмаса, тасымалдау процестің қатысушылары осы темір жол станцияны, разъезді жабуды немесе осы темір жол станцияда, разъезде жеке операцияларды орындауды тоқтату сот бойынша талап етуге құқылы.

10. Ұлттық инфрақұрылым операторы барлық немесе кейбір операцияларды орындау үшін станцияларды, разъездерді ашуға және жабуға уәкілетті органның бұйрығын алғаннан кейін Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымын, мемлекеттер-қатысушылар Достығының темір жол көлігі бойынша Кеңес Дирекциясын , сондай-ақ Тәуелсіз мемлекеттер достығы және Балтия елдердің темір жол әкімшіліктерді белгіленген тәртіпте хабарлайды.

Барлық немесе кейбір операцияларды орындау үшін темір жол станцияларды, разъездерді ашу және жабу туралы шешімі № 4 - тарифтік басшылықта жарияланады.